5. Құрылтай отырыстары Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

6. Құрылтай отырысы ашық өтеді. Регламентте көзделген жағдайда отырыс жабық өткізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Премьер-Министрдің және Үкімет мүшелерінің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырысқа қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

59-бап

1. Құрылтай конституциялық заңда саны айқындалған тұрақты комитеттер, сондай-ақ комиссиялар құрады.
2. Комитеттер мен комиссиялар өз қызметіндегі мәселелер бойынша қаулы шығарады.
3. Комитеттер мен комиссияларды құру тәртібі, олардың өкілеттігі және қызметін ұйымдастыру заңда айқындалады.

60-бап

1. Заң шығаруға бастама жасау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтай депутаттарына, Үкіметке, Қазақстан Халық Кеңесіне тиесілі және тек қана Құрылтайда іске асырылады.
2. Қазақстан Республикасының Президенті заң жобаларын қараудың басымыдғын айқындау құқылы, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезекте екі ай ішінде қабылдануға тиіс дегенді білдіреді.
3. Құрылтай:
- 1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтық құқықтар мен бостандықтарға, жеке және заңды тұлғалардың міндет-темелері мен жауаптылығына;
- 2) мәніші режиміне және өзге де заттық құқықтарға;
- 3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметінің негіздеріне;
- 4) ерлік сақтау, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге немесе олардың күшін жоюға;
- 5) республикалық бюджетке, мемлекеттік қарыз, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмек көрсету мәселелеріне;
- 6) сот құрылысы мен сот ісін жүргізу мәселелеріне;
- 7) рақымшылық мәселелеріне;
- 8) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;
- 9) кәсіпорындарды және олардың мүлкін жекешелеудіруге;
- 10) қоршаған ортаны қорғауға;
- 11) Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық құрылысына;
- 12) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рөміздеріне;
- 14) халықаралық шарттарды ратификациялауға және деюнациялауға қатысты аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін негіз құраушы қағидастар мен нормаларды белгілейтін заң шығаруға құқылы.
4. Құрылтай халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіптің қорғалуына, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатыр төндіретін жағдайларға желел ден қою үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасымен енгізілген заң жобаларын деру қаратуға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген заң жобалары Құрылтайға енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі өзін жауапкершілікті ала отырып, осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық акт қабылдауға құқылы. Мұндай акт Құрылтай қабылдаған заң күшіне енгенге дейін немен Құрылтай заң жобаларын қабылдамай тастағанға дейін қолданбаста болады.

5. Құрылтай қабылдаған заң он күн ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынылады.

Құрылтай заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен түйтастай қабылдамауға құқылы. Мұндай жағдайда заң жобасы қабылданып деп саналады және бастамашыға қайтарылады.

6. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін заң жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің он қорытындысы болған кезде ғана енгізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасымен Құрылтайға енгізіле-

тін заң жобалары үшін мұндай қорытынды талап етілмейді.

7. Үкімет енгізген заң жобасы қабылданбаса, Премьер-Министр Құрылтай отырысында Үкіметке сенім білдіру мәселесін қоюға құқылы. Бұл мәселе сенім білдіру мәселесі қойылғаннан бастап қырық сегіз сағаттан кейін ғана дауысқа салынады. Егер сенімсіздік вотумы туралы ұсыныс Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік даусыын алмаса, заң жобасы дауысқа салынбастан қабылданып деп саналады. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

61-бап

1. Құрылтай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар заң мен қаулы қабылдайды.

2. Заң Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғаннан кейін күшіне өеді.

3. Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен қабылданады.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, Құрылтай заң депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды.

Егер Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, Құрылтай қаулысы депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

5. Заң жобалары бойынша кемінде үш оқым-ы өткізу міндетті.
6. Заңдар, Құрылтай қаулылары Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмеуге тиіс. Құрылтай қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.
7. Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі заңмен және Құрылтай регламентімен реттеледі.

62-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен консультациядан кейін Құрылтайды таратады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай келісімімен тағайындалатын лауазына Президент ұсынған кандидатураны тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған, сондай-ақ Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда Құрылтайды таратады.

3. Құрылтайды төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезінде, Президент өкілеттігінің соғыс алты айында, сондай-ақ алдыңғы тараудан кейінгі бір жыл ішінде немесе Конституцияның 51-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайда таратуда болмайды.

V бөлім

Үкімет

63-бап

1. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық етеді.
2. Үкімет – алқалы орган, ол өз қызметінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Құрылтайдың алдында жауапты.
3. Үкімет мүшелері Конституцияның 56-бабының 17) тармақшасында көзделген жағдайда Құрылтайға есеп береді.
4. Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

64-бап

1. Үкіметті Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.
2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының Президентіне Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныс енгізеді.
3. Үкімет мүшелері Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіге ант береді.

65-бап

- Қазақстан Республикасының Үкіметі:
- 1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігі-нің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету ісінң негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;
 - 2) Құрылтайға республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;
 - 3) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;
 - 4) мемлекеттік міншікті басқаруды ұйымдастырады;
 - 5) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүргізу шараларын әзірлейді;
 - 6) министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді;
 - 7) Қазақстан Республикасының министрліктері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің қолданысын толық немесе бір бөлігінде жоюды не тоқтата тұрады;
 - 8) мемлекеттік бюджет есебінң қамтылатын барлық орган үшін қаржыландырудың және қызметкерлерге еңбекәсі төлеудің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен бекітеді;
 - 9) өзін Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

66-бап

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

- 1) Үкімет қызметін ұйымдастырады және басқарады, оның жұмысы үшін дербес жауап береді;
- 2) Үкімет қаулысына қол қояды;
- 3) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның барлық аса маңызды шешімдері туралы Президент пен Құрылтайға бейл-дайды;
- 4) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басқаруға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

67-бап

1. Үкімет мүшелері өз қызметі шегінде дербес сенім қабылдайды және өзіне бағынышты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында дербес жауап береді. Үкімет жүргізіп отырған саясаттың келісіпейтін немесе оны іске асырмайтын Үкімет мүшесі орнынан түсеуі өтініш береді не лауазымынан босатылуға тиіс.
2. Үкімет мүшелері өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төлеметін лауазымы атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ заңнамаға сәйкес өзінң лауазымдық міндеттері болатын жағдайларда қоспағанда, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқылы емес.

68-бап

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз қызметіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулы шығарады.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар өкім шығарады.

3. Үкімет қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келмеуге тиіс.

69-бап

1. Үкімет жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Құрылтайы алдында өз өкілеттігін доғарады.

2. Үкімет және оның кез келген мүшесі өздерінің жүктелген функцияларды одан әрі орындау мүмкін емес деп есептесе, Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы өтініш беруге құқылы.

3. Құрылтай Үкіметке сенімсіздік вотумын білдірген жағдайда Үкімет Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы өтініш береді.

4. Орнынан түседі қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Қазақстан Республикасының Президенті он күн ішінде қарайды.

5. Орнынан түседі қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

6. Үкіметтің мүшесі оның мүшесінің орнынан түсуі қабылдаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті оған міндеттерін одан әрі атқаруды талсырады.

7. Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін лауазымынан босатуға құқылы. Премьер-Министрді лауазымынан босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

VI бөлім

Қазақстан Халық Кеңесі

70-бап

1. Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган.
2. Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.
3. Қазақстан Халық Кеңесін құру, оның құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттігі және қызметінің ұйымдастырылуы конституциялық заңда айқындалады.

71-бап

- Қазақстан Халық Кеңесі:
- 1) мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары;
 - 2) қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту;
 - 3) Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы кандидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсыныстарды әзірлейді;
 - 2) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді;
 - 3) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.

VII бөлім

Конституциялық Сот

72-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты – конституциялық бақылауды жүзеге асыратын және бүкіл ел аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган.
2. Конституциялық Сот Төраға мен он судьядан тұрады, олардың өкілеттігі – сегіз жыл. Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот судьясы болып тағайындалмайды.
3. Конституциялық Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және ол өкілеттік мерзімі ішінде Конституциялық Сот судьясы да болады.
- Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.
4. Конституциялық Сот судьяларын депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.
- Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынысымен Конституциялық Сот судьялары арасынан Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.
5. Конституциялық Сот судьясының депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төлеметін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ коммерциялық ұйымнан басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге болмайды.
6. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оларды өз өкілеттігі мерзімі ішінде тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не Құрылтайдың келісімінез ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын өкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.
7. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы және қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

73-бап

1. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Құрылтай Төрағасының, Құрылтай депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірін, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

- 1) дау туындаған жағдайда Президенттің, Құрылтай депутаттарының сайлауын және жалпыхалықтық референдум өткізудің дұрыстығы мәселесін шешпей;
- 2) Президент қол қойғанға дейін Құрылтай қабылдаған заңдардан Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарайды;
- 3) Құрылтай қабылдаған қаулылардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;
- 4) халықаралық шарттарды ратификациялағанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;
- 5) халықаралық ұйымдар мен олардың органдары шешімдерінің орындалуының Конституцияға сәйкестігін қарайды;
- 6) Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді;
- 7) Конституцияның 50 және 51-баптарында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.
2. Конституциялық Сот Конституцияның 46-бабының 11) тармақшасында көзделген жағдайда – Президенттің өтініштерін, сондай-ақ Конституцияның 79-бабында белгіленген жағдайда соттардың өтініштерін қарайды.
3. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституцияда көзделген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды.

Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Бас Прокурордың өтініші бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Адам құ-

қықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.

74-бап

1. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуі, Құрылтайдың сайланған депутаттарын тіркеу не жалпыхалықтық референдум қорытындысын шығару тоқтата тұрады.

2. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісті актілерге қол қою не оларды ратификациялау мерзімінің өтуі тоқтата тұрады.

3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімде шығарады.

75-бап

1. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не ратификацияланбайды және олар қолданысқа енгізілмейді.

2. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап қолданысын тоқтатады және қолданысқа енгізілмейді.

Конституциялық Соттың түсіндірмесінде Конституцияға сәйкес келетін деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері осы түсіндірмедегі қолданылуға тиіс.

3. Конституциялық Сот орындауы Конституцияға сәйкес келмейді деп таныған халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдері, оның ішінде жекелеген ережелері орындалмауға тиіс.

4. Конституциялық Сот шешімдері қабылданған күннен бастап күшіне өеді. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болады және оларға шағым жасалмайды.

VIII бөлім

Сот төрелігі. Прокуратура.

Құқық қорғау тетіктері

76-бап

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін сот қана жүзеге асырады.
2. Сот билігі сот ісін жүргізудің заңмен белгіленген азаматтық, өкімшілік, қылмыстық және өзге де нысандар арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабыр заңда көзделген жағдайда қатысады.
3. Қазақстан Республикасының соттары – Жоғарғы Сот, заңмен құрылған жергілікті және басқа да соттар.
4. Қазақстан Республикасының сот жүйесі Конституцияда және конституциялық заңда белгітеледі. Қандай да бір атаумен болса да арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

77-бап

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады, оның мақсаты – Қазақстан Республикасы азаматтарының және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету.

2. Сот билігі Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Сот шешімінің, үкімі мен өзге де қаулысының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар.

78-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз болады және Конституция мен заңға ғана бағынады.
2. Сот төрелігін іске асырған кезде соттың қызметіне мүлдем арнаулы болмайды және бұл заң бойынша жауаптылыққа алып келеді. Судьялар тектенбі істер бойынша есеп бермейді.
3. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде мына қағидаларды басшылыққа алуға тиіс:
- 1) ешкімнің өзіне заңда көзделген соттың қалың оны келісімінсіз өзгертуге болмайды;
- 2) сотта әр адамның өз сөзін тыңдауға құқығы бар;
- 3) айыпталушы өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуі міндетті емес;
- 4) адамның кінәлі екеніне қатысты кез келген күмән айыпталушының пайдасына қарастырылады;
- 5) заңсыз тәсілмен жиналған дәлелдемелердің заңды күші жоқ. Ешкімді өзінің жеке мойындауы негізінде ғана соттауға болмайды;
- 6) қылмыстық заңды ұқастығына қарай қолдануға қол берілмейді.
4. Конституцияда белгіленген сот төрелігінің қағидалары Қазақстан Республикасының барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірін-ғай.

4 ДИДАР

Ашық мемлекетке бастар жол

№9 (10202) 3 ақпан, 2026 жыл



Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеумбетовтің қатысуымен Конституциялық реформаларға арналған кездесу өтті. Оған Қазақстанның Еңбек Ері, Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі Имамзада Шағыртаев, облыстық қоғамдық кеңес мүшелері, бизнес-қоғамдастықтар, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысты.

Алдымен облыстық мәслихат төрағасы еліміздің келешегі, демократиялық, әлеуметтік, құқықтық мемлекет ретінде орнығуы ең алдымен Ата Заңның мазмұны мен маңызына тікелей байланысты екенін атап өтіп, бірқатар маңызды өзгеріске тоқталды.

– 2026 жылы 21 қаңтарда Конституциялық комиссия құрылды. Осы комиссия құрамында Сыр өңірінен облыс әкімі

Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың болуы – аймаққа деген сенімнің, атқарылып жатқан жүйелі жұмыстың және оның нәтижесінің жоғары бағалануының айқын көрінісі. Сонымен қатар комиссия құрамына Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Қуанышбайұлы және облыстық мәслихат төрағасы ретінде мен де қосылдым. Бұл өзгерістер өз кезегінде халық пен билік арасындағы



байланысты нығайтып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған. Жаңа Конституция – жай ғана заң емес, әділетті қоғамға, ашық мемлекетке бастайтын жол. Жалпы ұлттық құндылықтар мен елдің идеялық бағдарын Конституцияның кіріспесінде бекіту, адамның ең жоғары құндылық ретіндегі мәртебесін нақтылау, және неке мен отбасы институтының Ата Заң деңгейінде қорғалатыны қуантады. Бұл конституциялық реформа Қазақстанның тұрақты дамуына, құқық үстемдігіне және әділетті қоғам құруға берік негіз қалайды, – деді облыстық мәслихат төрағасы.

Жиында Қазақстанның Еңбек Ері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, Конституциялық реформа жө-

ніндегі комиссияның мүшесі Имамзада Шағыртаев, Қызылорда облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев конституциялық реформалардың маңыздылығын атап өтіп, олардың қоғам өміріне оң ықпалын тигізетінін, азаматтар құқықтарының күшейетінін және мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ететінін жеткізді.

Жиын соңында облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеумбетов жаңа Конституцияның елдің бірлігі мен тұрақтылығын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайтуға бағытталғанын атап өтіп, аталған реформаларға қолдау білдіру әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі екенін жеткізді.

Е.СОЗАҚБАЕВ

Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеумбетовтің қатысуымен Конституциялық реформаларға арналған кездесу өтті. Оған облыстық мәслихат депутаттары, аудандық мәслихат төрағалары мен депутаттары қатысты. Жиында облыстық мәслихат төрағасы жаңа Конституцияның мән-маңызына тоқталып, оның қоғам мен мемлекет үшін қаншалықты маңызды екенін атап өтті.

– Бастапқыда парламенттік реформа аясында Ата Заңның шамамен 40 бабына өзгерістер енгізу көзделгенімен, талқылау барысында реформаның ауқымы әлдеқайда кең екені айқындалды. Конституцияда әділеттілік, заң мен тәртіп, бірлік пен келісім, тәуелсіздік пен аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар ретінде бекітіліп,

Әділет кепілі



білім мен ғылымға, адами капиталға, цифрландыруға айрықша мән берілген. Отбасы институты, неке, әйелдердің құқықтары, зайырлы мемлекет қағидаттары Ата Заң деңгейінде қорғалып, азаматтардың цифрлық ортадағы құқық-

тары алғаш рет нақты айқындалды. Сонымен қатар жаңа Парламент – Құрылтайдың құрылуы, Халық кеңесі мен Вице-Президент институтының енгізілуі халық пен билік арасындағы байланысты күшейтіп, «Еститін мемлекет»

қағидатын іске асыруға жол ашады. Сондықтан Президент бастамасымен қолға алынған Саяси-конституциялық реформа ел дамуының жаңа тарихи кезеңінің бастауы болады деп сенеміз, – деді облыстық мәслихат төрағасы.

Жиында облыстық мәслихат депутаты Мақсұт Нәлібаев, онлайн байланыс арқылы қатысқан Қармақшы аудандық мәслихат төрағасы Әділ Қошпақов Конституциялық реформалардың елдің саяси жүйесін жаңғыртудағы және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейтудегі мән-маңызына тоқталды. Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеумбетов аталған реформаларға қолдау білдіру әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі екенін айтып, алдағы кезеңде де қоғаммен ашық диалог жалғаса беретінін жеткізді.

Е.АНУАРҰЛЫ

Білектілер бақ сынаған дода

Ауданда «Наркескен» спорт клубы десе, көптің көкірегінде сенім мен серпін қатар оянады. Бұл – маңдай тер мен бақ тоғысқан, жеңіс жолы жеңіл болмайтынын ұқтырған қасиетті орда. Бүгінде облыстық, республикалық ареналарда ел мерейін үстем етіп жүрген талай саңлақтың спортқа алғашқы қадамы осы залдан басталды. «Жеңіс – бір сәттік қуаныш, ал жеңіске алып барар жол – күн сайынғы еңбек» деген қағиданы қатаң ұстанған жас саңлақтар қарсыласқа дес бермей, жеңіс тұғырынан көрінуді мақсатқа айналдырған.

Жалағаш жерінде спорттың шамшырағы болып жарқыраған «Наркескен» спорт клубының тарихы 2012 жылдан бастау алады. Содан бері бұл ұжым аудандың дене тәрбиесі мен бұқаралық спорттың дамуының берік тірегіне, жас буынды жеңіске жетелеген мектебіне айналып үлгерді.

Аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің 2025 жылға арналған жоспары да ауқымды міндеттерді алға тартқан. 8 облыстық, 80-нен аса аудандық, 3 республикалық жарыс және барлық ауылдық округ бойынша ұйымдастырылған спорттық бәсекелерге 19 602 спортшы қатысып, аудан спортшының кең қанат жайғанын айқын аңғартты. Өткен жылдың тағы бір маңызды көрсеткіші – дене шынықтырумен жүйелі түрде шұғылданатын аудан тұрғындарының үлесі. Бұл сан 15 839 адамды, яғни аудан халқының 44,3 пайызын құрады.

Аталған жетістіктердің бел ортасында бөлімге қарасты «Наркескен» спорт клубы тұр. Қазіргі таңда спорт клубында 61 қызметкер еңбек етсе, оның 11-і – жаттықтырушы, 23-і – спорт нұсқаушы. Клуб қабырғасында 854 спортшы 10 спорт түрі бойынша 11 үйірмеде шыңдалып, болашақ жеңіске жол ашуда. Қол добынан ел намысын қорғап жүрген Айым Мұңайтпас, Алинұр Төлеміс, Хадиди Шәкір, Инжу Бақыт, Кәусар Алматықызы да аудан спортшының мақтанышына айналды. Өткен жылы Алинұр Төлеміс спорт шеберіне үміткер атанса, Айым Мұңайтпас спорт шебері атағын алып, «Үздік жыл спортшысы»

атанды. Ұлттық спортта да жетістік көп. Бес асықтан Еркеназ Танаатар Қазақстан чемпионатының күміс жүлдегері атанса, тоғысқұмалақан Ақерке Көңгешбекова халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын иеленді.

Былтыр 18-22 тамыз аралығында Қызылорда қаласында өткен «Алтын күз – 2025» спартакиадасы мен «Ақбидай» республикалық іріктеу жарысында Жалағаш ауданының құрамасы жүлделі 2-орынға ие болып, командалық бірліктің мықтылығын дәлелдеді.

Мұнда шеберліктің шыңын көрсеткен шаралар ізін суытпайды. Бұл жолы да Жалағаш топырағы спорт рухының ыстығын сезінді. Қаңтардың 30-31 күндері Жалағаш ауданында бір спортшы ұзын айналым жаттығуының аясында Қызылорда облысының чемпионаты өтіп, аймақ спортшыларының әлеуетін танытты. Тартысты бәсекеге облыстың төрт ауданынан, яғни Жалағаш, Сырдария, Қармақшы және Арал өңірлерінен келген 80 спортшы қатысты. Ересектер, жастар және жасөспірімдер арасында өткен сайыста жалаң күш қана емес, техника мен төзім, мінез бен машық қатар бағаланды.

Темір үнсіз. Бірақ оны қолына алған адам тілдесе бастайды. Тас көтерген тағдырлы өнердің төрінде түр бір спорты. «Дайын ба?» деген төрешінің нұсқауы әлдебір тапсырманың үкіміндей қатқыл естілді ме, кенеттен бойды әлдебір діріл шарпыды. Ол қорқыныш па, әлде күткен нәтиженің алдын ала сезілген толқынысы ма, ажырату қиын. Спортшы сары бір тасын көкке сермеген сайын, өз



денесін де бар қуатымен бір жұлқылап алды. Секундттар сырғып, салмақ ауырлай түскен сәтте бойына қайта жан бітірейін дегені болар, маңдайынан аққан моншақтай терін мұздай темірге сүріп үлгеріп, аяқтарын бір сілкіп алады. Бір мезетте созылған ұзақ үнсіздікті жарысқа қатысушының жаңғырған дауысы қақ жарып өтті. Он минутта 65 рет. Өз-өзін еңсерген, соңына дейін берілмеген жігердің шаттығы болып шықты бұл үн.

Сайыс қорытындысында үздіктер анықталып, жеңімпаздар арнайы дипломдармен марапатталды. Тартысты бәсекенің түйіні тарқатылып, ересектер арасында 68 келі салмақта өнер көрсеткен Ислам Мажиев, жастар санатында 85 келіде Қайсар Төлеген дараланды. Жасөспірімдер арасында Өтеген Әділбекұлы үздіктер қатарынан көрінді. 48 келіде Ержан Мешітбек, 53 келіде Бекарыс Нұрлан, Абылайхан Серікбай 63 келі темірді иіріп, үміт үдесінен шықты.

Бойында жігері бардың білегіндегі қайратын танытатын сайыстан қарақөз-

деріміз де қалыс қалмапты. Бұрымын буып алған қыздарымыздың бұл спортқа ынтысы бейжай қалдырмады. Республикалық олимпиадаларда озық нәтиже көрсетіп жүрген Аралыым Аймағанбеттің бір спортында жүргеніне бар-жоғы бір жылдай уақыт болған. «Әке көрген оқ жонып, ана көрген тон пішеді». Спортшы қыздың әкесі – аталған спорт түрінен білікті бапкер. Спортқа деген сүйіспеншіліктің тамыры отбасынан бастау алған болып шықты. Жас спортшы болашақта спорт және туризм бағытын дамытуды да мақсат етіп үлгерген.

«Наркескен» – чемпиондар ұстаханасы ғана емес, азаматтық мінез қалыптастыратын рухани мектеп. Мұнда спорт – ерік-жігердің емтиханы, тәртіп – табыстың тірегі, ал жеңіс – адал еңбектің әділ сыбағасы. Сондықтан қасиетті орданың атағы күн өткен сайын асқақтап, аудан абыройын аймаққа, аймақ намысын елге танытып келеді.

Гүлжан ЕСЖАН

Дода

2021 жылдың қазан айында іске қосылған Б.Құлтекенов атындағы жабық бассейн – бүгінгі тынысын дәл танытқан тірі кеңістік. Жуырда ғана күрделі жөндеуден өткен ғимарат бүгінде уақыт талабына сай түлеп, енді келушілерін жаңарған кейпімен қарсы алады. «Жақсы істің жарығы алыстан көрінеді» дегендей, жаңарған нысан ел игілігіне айналып отыр.

Жабық бассейндегі жарыс



Жаңартылған жабық бассейн тек спорт алаңы ғана емес, денсаулық пен сергектіктің, жүйелі тәрбие мен табандылықтың ордасына айналып отыр. Саулықты серік еткен аудан жұрты үшін бұл мекен – күнделікті күйбеңнен арылып, бойды тіктейтін, ойды сергітетін тыныс.

Терең суға батып сүнгізілген де, алғашқы жүзу қадамын жасайтын балалар да мұнда өз орнын табады. Үлкендерге арналған бассейннің тереңдігі екі метрге дейін жетсе, жеткіншектер үшін ойластырылған айдын небәрі 60 сантиметр. Мұндағы тіршілік тек жүзуден шектелмейді. Арнайы жаттығу бағдарламалары арқылы келушілер дене қуатын шыңдап, салауатты өмір салтына бір табан жақындай түседі. Жаңадан орнатылған заманауи құрылыстармен жабдықталған фитнес залда дене шынықтырудың жаңа мүмкіндіктері ашылған. Бұл көшенде қозғалысқа құштар жан өзін шектеулі сезінбейді. Ұшқыр доп пен ұтымды соққыға құрылған үстел теннисі де бар.

Бір кездері күн астында жүгіріп, дария жағасында қармақ салып өскен балалықтың бейнесі бүгінде өзгерген. Таңның шапағымен жарысып оянып, күн ұясына қонғанша дала кезіп өткен дәурен бүгінде заманауи қарай өзгеше еріске ойысты. Бұрын еркін дала мен ашық аспан тәрбие мектебі болса, қазір баланың болашағын жоспарлау ата-ананың басты жауапкершілігіне айналды. Ата-ана енді баласын өз ағысына жібермейді, спортқа бағыттайды, арнайы үйірмеге жетелейді. Бұл – талап емес, уақыттың өз үкімі. Осы талаптың нақты көрінісі – жабық бассейнде жұмысын бастаған жасөспірімдер үйірмесі.

Қазір мұнда 7 мен 12 жас аралығындағы балалардан құралған екі топ ұйымдастырылуда. Жүземін, шынығамын деген кез келген жанға есіміз айқара ашық. Ай сайын түрлі спорттық іс-шаралар, тәрбиелік мәні бар жарыстар да ұйымдастырылады. Мұндай бастамалар балалардың бойындағы бәсекелестік рухты оятып қана қоймай, өзіне деген сенімін нығайтады. Уақыт өткен сайын жүзу спортына деген қызығушылық артып келеді, – дейді жабық бассейннің спорт жөніндегі орынбасары Берікқазы Әуесбаев.

Соның бір айқын көрінісі іспетті аудан тынысын сейілткен іс-шара өткен аптада өтті. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылған еркін жүзуден жарыс аудан мекемелері өкілдерін бір айдына тоғыстырды. Қатысушылар 50 метр қашықты еңсеріп, әрқайсысы өз мүмкіндігін, өз төзімін сыға салды.

Қазақ «тәртіпке бағынған құл болмайды» дейді. Осы ұстаным су бетінде де өз өрнегін тапты. Сайыстың әділ өрі қауіпсіз өтуіне жабық бассейн нұсқаушылары жетекшілік етті.

Сайысқа тек аудан орталығы ғана емес, шалғай елді мекендер де белсенді атсалысты. Еңбек, Бұқарбай батыр, Мөрілі Шаменов елді мекендерінен де ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлері, емхана мен мектеп қызметкерлері бас қосты. 1-орынға 37,07 секундтық көрсеткішпен Ерболат Ержанов алға шықса, 39,09 көрсеткішпен кент тұрғыны Медет Жауынбай 2-орынға жайғасып, 39,23 көрсеткішпен Асхат Сапабек 3-орынға табан тіреді.

Бұл бәсекенің тағы бір тағылымды тұсы – зейнет жасындағы азаматтардың да шет қалмауы. Қазақтың «Қартайдым деп қайраттан қашпа» дегені осындайда айтылса керек. Су айдынында уақытпен жарысқан қариялар көпке өнеге көрсетіп, жігердің жас талғамайтынын дәлелдеді. Кент тұрғыны Жарылқасын Ерімбетов 11,38 көрсеткішпен дараланып, бірінші орынды иеленді. Адамды алға жетелейтін – жас емес, жігер. Екінші орынға зейнеткер Райс Бектібаев табан тіресе, 19,90 нәтижемен Нұржан Әбдіхамитов үшінші орынға лайық деп танылды.

Қорытындылай келгенде, жабық бассейн төңірегінде аткарылып жатқан жұмыстар бір сәттік науқан емес, уақытпен бірге орнығатын игі дәстүрдің бастауы екенін аңғартады. Осындай жүйелі жұмыс пен мазмұнды шаралар арқылы өңір спортының болашағы берік негізге сүйеніп, алға қарай нық қадам басып келеді. Баланың талабын түлеткен, жастың жігерін жаңылған, зейнеткердің қайратын қайраған бұл орта аудан үшін ортақ құндылыққа айналуға.

Г.БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозғарысын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №177

Кезекші редактор: Гүлжан ЕСЖАН